

«AITU iQalam-2026» Олимпиадасы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы «AITU iQalam-2026» олимпиадасы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «AITU iQalam-2026» олимпиадасын (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оны ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, оқушылардың Олимпиадаға қатысу және жеңімпаздарды анықтау тәртібін айқындайды.

2. Олимпиаданың мақсаты - шығармашыл дарынды оқушыларды анықтау және оларды «Digital Journalism» білім беру бағдарламасына түсуге тарту.

3. Олимпиаданың ұйымдастырушысы – «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» РҚБ (бұдан әрі - Серіктестер) қолдауымен «Astana IT University» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Ұйымдастырушы).

4. Олимпиаданы дайындау мен өткізуді Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

5. Ұйымдастыру комитетінің құрамына деканат, шығармашылық индустрия мектебі, маркетинг және қоғаммен байланыс департаментінің жұмыскерлері және Серіктестердің өкілдері кіреді.

6. Ұйымдастыру комитеті:

- дайындық жұмыстарын жүргізеді;

- материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін пысықтайды;

- қазылар алқасын құрады.

7. Қазылар алқасы Ұйымдастыру комитетінің шешімімен Шығармашылық индустрия мектебінің оқытушылары, Серіктестердің өкілдері және тартылған медиасфера сарапшылары қатарынан кемінде үш адамнан құралады.

8. Осы Ереже Astana IT University ЖШС-нің (бұдан әрі - AITU) ресми сайтында орналастырылуы тиіс <https://astanait.edu.kz> (бұдан әрі – Ресми сайт).

9. Олимпиаданы өткізуді ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі құралы iqalam@astanait.edu.kz электрондық поштасы және «Instagram» әлеуметтік желідегі AITU парақшасы. Сұрақтар туындаған жағдайда iqalam@astanait.edu.kz электронды мекенжайға алдын-ала жолдау қажет.

10. Күмәнді ақпарат берілген жағдайда қатысушының нәтижелері жойылуы мүмкін.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

11. Олимпиада екі кезеңнен тұрады: іріктеу (онлайн формат) және қорытынды (оффлайн формат).

12. Іріктеу кезеңінде қатысушылар әлеуметтік желілердің бірінде (Instagram немесе TikTok) «Неге журналист болғым келеді?» тақырыбында мотивациялық пост/Reels жариялайды.

13. Мотивациялық пост/Reels форматы:

1) мотивациялық пост (Instagram үшін): қатысушылар фотосуретті немесе инфографиканы, және мәтіндік блокты қамтитын визуалды пост жасай алады. Постта олар АІТУ-дың «Цифрлық журналистика» білім беру бағдарламасына не үшін түскілері келетінін, оқудан қандай үміт күтетінін, оларды цифрлық дәуірде журналист мамандығын таңдауға шабыттандыратынын түсіндіруі керек;

2) мотивациялық Reels (Instagram немесе TikTok үшін): қатысушылар АІТУ-дың «Цифрлық журналистика» білім беру бағдарламасына түсуге деген ұмтылыстары туралы қысқаша бейне жасай алады (60 секундқа дейін, тік формат 9:16). Бейне динамикалық, креативті, визуалды эффектілерді, музыканы және осы платформаға тән басқа құралдарды қолдануы тиіс.

14. Мотивациялық постта / Reels-та қатысушылар келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс:

1) Неліктен журналист болғыңыз келеді?

2) Неліктен АІТУ-дағы «Цифрлық журналистика» білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?

3) Технология мен цифрлық медиа сіздің журналист мамандығын қабылдауыңызға қалай әсер етеді?

4) Оқу барысында қандай дағдылар мен білім алғыңыз келеді?

15. Мотивациялық пост/ Reels тілі: қазақ, орыс, ағылшын (қатысушының таңдауы бойынша).

16. Олимпиадаға өзге адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын, Олимпиаданың тақырыбына сәйкес келмейтін, адам өміріне қауіп төндіріп алынған, сондай-ақ авторлық құқықты бұза отырып жасалған немесе бұрын жарияланған жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

17. Дайындалған мотивациялық пост/ Reels-ты қатысушының Instagram/TikTok әлеуметтік желілеріндегі жеке парақшасына (парақша ашық болуы тиіс) [#astana_it_university](#), [#aitu iqalam](#), [#aitu iqalam2026](#), [#aitu digitaljournalism](#) хэштегтерімен [@astana_it_university](#) және [@aitu creative](#) парақшаларын белгілеумен орналастыру қажет. Жарияланғаннан кейін қатысушы іріктеу кезеңінің аяқталуына дейінгі мерзімде университет сайтында арнайы нысанды толтыру керек.

18. Іріктеу кезеңінің бағалау өлшемдері (барлығы 50 ұпай) мыналар:

18.1. Шығармашылық және өзіндік ерекшелігі (20 ұпай) - қатысушы тапсырмаға қаншалықты креативті және стандартты емес көзқараспен қарады, ол мотивациялық постқа/Reels-ке қандай бірегейлік пен өзіндік ерекшеліктер әкелді:

16-20 ұпай: мазмұн өзіндік ерекшеліктің жоғары деңгейін, тақырыпқа стандартты емес көзқарасты, ерекше элементтерді немесе стандартты емес форматты қолдануды көрсетеді;

11-15 ұпай: контент креативті, бірақ идея толық ашылмаған немесе стандартты тәсілдер қолданылған;

6-10 ұпай: контент қарапайым және оригиналды емес, шығармашылық элементтері жоқ негізгі тәсіл қолданылады;

1-5 ұпай: өзіндік ерекшелігі жоқ, материал стандартты түрде беріледі, шығармашылық элементтер пайдаланылмаған.

18.2. Ақпарат беру сапасы (10 ұпай) - қатысушы мотивациялық постта/Reels-те өз ойларын қаншалықты сауатты және қисынды түрде жеткізді:

9-10 ұпай: ақпарат құрылымдалған, логикалық түрде берілген, оңай қабылданады, қатесіз, нақты негізгі оймен жеткізіледі;

7-8 ұпай: ақпарат мазмұнды, бірақ логика мен құрылымға қатысты кішігірім қателіктер жіберілген;

5-6 ұпай: ақпаратта қателер бар, ой анық көрсетілмейді немесе логикалық реттілікке қатысты мәселелер бар;

1-4 ұпай: Ақпаратты қабылдау қиын, бірнеше қате жіберілген, ақпарат нашар құрылымдалған немесе тақырыпты мүлдем ашпайды.

18.3. Визуал және сандық құралдарды пайдалану (10 ұпай) - визуалды элементтердің сапасы (фото, видео, инфографика, эффекттер) және платформалар мен сандық құралдардың көмегімен контентті құру мүмкіндіктерін пайдалану мүмкіндігі:

9-10 ұпай: жоғары сапалы визуалды элементтер мәтінмен немесе тақырыппен үйлесімді болып көрінеді, сандық құралдарды (графика, монтаж) жоғары деңгейде пайдаланылған, контент кәсіби және тартымды болып көрінеді;

7-8 ұпай: Визуал жақсы дайындалған, бірақ дизайндағы кейбір кемшіліктерді жақсартуға болады, кейбір сандық құралдарды пайдалану шектеулі немесе мүлдем орынды емес;

5-6 ұпай: көрнекі элементтер қарапайым немесе мүлдем орынды емес, құралдарды пайдалану минималды, дизайн тақырыпқа сәйкес келмейді немесе төмен сапада орындалған;

1-4 ұпай: визуалды элементтердің сапасы төмен немесе нашар таңдалған, сандық құралдарды пайдалану анық емес, контент тартымсыз көрінеді.

18.4. Тақырыптың өзектілігі мен сәйкестігі (10 ұпай) - қатысушы берілген тақырыпты қаншалықты жақсы ұстанады және дайындалған контент қаншалықты тапсырма шарттарына сәйкес келеді:

9-10 ұпай: тақырып толығымен ашылды, контент тақырыпқа және қойылған талаптарға сәйкес келеді;

7-8 ұпай: тақырыптың ашылуы толық емес, негізгі идеядан аздаған ауытқулар кездеседі;

5-6 ұпай: тақырып толық ашылмаған немесе контент жарияланған тақырыптан сәл алшақтайды;

1-4 ұпай: тақырып ашылмаған немесе контент тапсырмадан айтарлықтай ауытқиды.

19. Олимпиаданың қорытынды кезеңінде қатысушылар «Менің болашақ мамандығым – журналист» тақырыбы аясында 1000-1200 сөз көлемінде эссе жазады.

20. Эссе тілі: қазақ, орыс, ағылшын (қатысушының таңдауы бойынша).

21. Қорытынды кезеңнің бағалау өлшемдері (барлығы 50 ұпай) мыналар:

21.1. Ойлаудың дербестігі, ой - өрісі, шығармашылығы және өзіндік ерекшелігі (10 ұпай) - қатысушы эссе жазу барысында ақпаратты ұсынуға қаншалықты креативті және стандартты емес ойлау қабілетін көрсетті:

9-10 ұпай: қатысушы өзіндік ерекшеліктің жоғары деңгейін, тақырыпқа стандартты емес көзқарасты, ерекше элементтерді немесе стандартты емес форматты қолдануды көрсетеді;

6-8 ұпай: эссе мәтіні өте креативті түрде жазылған, бірақ идея толық ашылмаған немесе стандартты тәсілдер қолданылған;

3-5 ұпай: Мәтін қарапайым және оригиналды емес, шығармашылық элементтері шектеулі стандартты тәсіл қолданылады;

1-2 ұпай: өзіндік ерекшелігі жоқ, материал стандартты түрде беріледі, шығармашылық элементтер пайдаланылмаған.

21.2. Берілген ақпараттың өзектілігі мен тақырыпқа сәйкестігі (10 ұпай) - қатысушы берілген тақырыпты қаншалықты толық ашуға ұмтылды:

9-10 ұпай: тақырып толығымен ашылды, берілген ақпарат тақырыпқа толығымен сәйкес келеді;

7-8 ұпай: тақырып толық емес түрде ашылды, негізгі идеядан аздаған ауытқулар кездеседі;

5-6 ұпай: тақырып толық ашылмаған немесе эссе мазмұны мәлімделген тақырыптан айтарлықтай алшақтайды;

1-4 ұпай: тақырып ашылмаған немесе эссе мазмұны жарияланған тақырыпқа сәйкес келмейді.

21.3. Дәлелдер, сенімділік, аргументтердің дәйектілігі (10 ұпай) – дәлелдер мен аргументтер қаншалықты дұрыс және сенімді беріледі, ойлар дәйекті түрде баяндалады:

9-10 ұпай: барлық дәлелдер сенімді түрде келтірілген, аргументтер дәйекті түрде келтірілген, идеялар мен абзацтар арасында тегіс ауысулар бар;

7-8 ұпай: дәлелдер келтірілген, бірақ оқырманды автордың ой-өрісінің дұрыстығына толық сендіре алмайды, аргументтер дәйекті түрде келтірілген;

5-6 ұпай: дәлелдемелердің бір бөлігі ғана келтірілген және олар оқырманды автордың ой-пікірлерінің дұрыстығына толық сендірмейді, дәлелдер шашыраңқы түрде келтірілген, кейбір жерлерде идеялар мен абзацтар арасында күрт ауысулар бар;

1-4 ұпай: тақырыпқа қатысы жоқ және мағынасына байланысты емес дәлелдер келтірілген, мәтінде бытыраңқылық, бір-бірін жоққа шығаратын идеялар бар, абзацтар арасында күрт ауысулар бар.

21.4. Тілдің сауаттылығы мен байлығы (20 балл) - барлық сөздер қаншалықты дәл, мәнерлі және түсінікті түрде таңдалады және дұрыс жазылады, тыныс белгілері мен стилистикасы қаншалықты ескеріледі:

16-20 ұпай: мәтін сауатты құрастырылған, көркемдік экспрессивтілік құралдарының көптігі бар, 2 грамматикалық, лексикалық, пунктуациялық және басқа қатеге дейін кездеседі;

11-15 ұпай: мәтін жақсы құрастырылған, көркем экспрессивтілік құралдары бар, 4 грамматикалық, лексикалық, пунктуациялық және басқа қате жіберілді;

6-10 ұпай: сөздік қоры бай емес, 6 грамматикалық, лексикалық, пунктуациялық және басқа қатеге дейін кездеседі;

1-5 ұпай: мәтін өте қарапайым, 8 грамматикалық, лексикалық, пунктуациялық және басқа қатеге дейін кездеседі.

22. Барлық жұмыстар плагиатқа қарсы және жасанды интеллект жасаған контентті анықтау жүйесі арқылы тексеріледі. Плагиат немесе жасанды интеллект жасаған контент 30% - дан асатын жұмыстар қабылданбайды.

23. Олимпиада кезеңдерінің кестесін (өтетін күні, уақыты және орны), кезеңдер нәтижелері мен өзге де қажетті ақпаратты Ұйымдастыру комитеті бекітіп, Ресми сайтта және әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланады.

24. Олимпиаданы өткізу кезеңдері:

- Олимпиада туралы хабарлау – 2026 жылғы 8-мамырға дейін;
- іріктеу кезеңі (онлайн) – 2026 жылғы 30-мамырға дейін;
- іріктеу кезеңін қорытындылау – 2026 жылғы 1-маусымға дейін;
- қорытынды кезеңнің нәтижесін шығару, жеңімпаздарды марапаттау – 2026 жылғы 8-маусым.

3. Олимпиадаға қатысу тәртібі және қорытындылау

23. Олимпиадаға ерікті негізде 16-25 жастағы орта (толық) жалпы білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын меңгерген білім беру мекемелерінің бітіру сыныптарының (11-12 сыныптар) оқушылары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бітіру курстарының студенттері, сондай-ақ шетелдік азаматтар қатысады.

24. Қорытынды кезеңге іріктеу кезеңінің жеңімпаздары атанған қатысушылар өтеді. Іріктеу кезеңінің жеңімпаздары қорытынды кезеңге қатысу үшін АІТУ-ға шақырылады.

25. Олимпиада жеңімпаздары (бұдан әрі - Жеңімпаздар) қорытынды кезеңнің нәтижелері бойынша анықталады.

26. Бірінші орынды иеленген қорытынды кезеңнің жеңімпазына АІТУ Ректорының гранты, екінші және үшінші орын иеленгендерге ақылы негізде оқытудың толық құнының 20 пайызы мөлшерінде жеңілдіктер беріледі.

27. Әрбір жүлделі орынның (1-, 2-, 3-орын) Жеңімпаздар санын Ұйымдастыру комитеті Қазылар алқасының шешімі негізінде анықтайды.

28. Жеңімпаздар АІТУ-да қолданыстағы жеңілдіктердің кез келген басқа түрлеріне үміткер бола алмайды.

29. Жеңімпаздардың АІТУ-ға түсуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31-қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

30. Жеңімпаздар ҰБТ (шетелдік азаматтар – сұхбаттасудан), AITU Excellence Test (AET) қабылдау емтиханынан және шығармашылық емтихандардан босатылмайды.

31. AITU Ректоры грантының қолданылу мерзімі - 2026 жылғы 25-тамызға дейін.

4. Олимпиадаға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

32. Олимпиадаға қатысуға осы Ереженің 2-бөлімінде көзделген шарттарды орындаған және іріктеу кезеңі аяқталғанға дейінгі мерзімде ресми сайтта арнайы нысанды толтырған қатысушылар жіберіледі.

33. Ресми сайттағы нысанды толтыра отырып, қатысушы осы Ережемен танысқанын және оның дербес деректерін, сондай-ақ оның Интернет желісіндегі жұмыс нәтижелерін өңдеуге және жариялауға келісімін растайды.

34. Қатысушы Академиялық адалдық ережелерін ұстануға және осы Ереженің шарттарын сақтауға міндеттенеді.

5. Ұйымдастырушының құқықтары мен міндеттері

35. Ұйымдастырушы осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

36. Өзгерістер туралы хабарлама Ресми сайтта тиісті хабарламаны орналастырумен қатысушылардың назарына жеткізіледі.

37. Ұйымдастырушының өз қалауы бойынша осы Ережені бұзып әрекет еткен кез келген тұлғаға Олимпиадаға одан әрі қатысуға біржақты тәртіппен тыйым салуға құқығы бар.

38. Ұйымдастырушы қатысушылардың бейнематериалдарын Ресми сайтта және AITU-дың әлеуметтік желілерінде жариялау құқығын өзіне қалдырады.

39. Ұйымдастырушы

- қатысушы ұсынған ақпараттың өзектілігі/дұрыс еместігі себебінен қатысушының осы Ережеде көзделген хабарламаларды алмауына;
- қатысушының осы Ережеде көзделген өз міндеттерін немесе Олимпиадаға қатысу шарттарын орындамағанына (уақтылы орындамағанына) жауап бермейді.